

№Хаттама №1

Күн тәртібінде: «1 Қыркүйек Білім күніне орай алғашқы қоңырау» «Кел, балалар оқылық!» салтанатты жиыны

Қатысқаны: Барлық оқушылар

Мерзімі: 01.09.2022 жыл

Мерекелік шара елімізде алып отырған жағдайға байланысты тек 1 сынып оқушылары үшін ашық алаңда салтанатты жиын ұйымдастырылды. Салтанатты жиында мерекелік нөмірлер 1 сынып оқушыларымен орындалып, мектеп директоры бұлдіршіндерге «Әліппе» оқулығын табыстады. Мектебіміздегі барлық сынып жетекшілер өз сыныптарында «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты сынып сағаттары өтті. Тәрбие сынып сағаттарының мақсаты, мазмұны ұсынылды. Білім күні – бұл ең алғаш қоңырау, көп әсем гүлдер және ақ бантик күні, әрине, дәстүрлі ең алғаш сабақ, әлем сабағы. Мектеп табалдырығын ең алғаш рет аттаған балалар үшін бұл күн өте маңызды, көптен күткен күн. Юлий Цезарь: «Білім – ол қуат» деген ұстаныммен бастау алар іс-шара биылғы 2022-2023 оқу жылында өзгеше форматта өтті. Қиыншылыққа мойынсыныбай барынша халқымыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы жолында да, одан кейінгі кезеңдерде де, талай қиямет – қайым күндерді де, талай қиын замандарды, кескілескен шапқыншылықтарды да бастан өткерді. Білектің күшімен, найзаның ұшымен, соңғы демі қалғанша туған жерімізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырған ұлы даланың ұлы кемеңгерлерінің арқасында бақытты өмір кешудеміз.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. Сондықтан, халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат. Сондай-ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері: Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Ата заңымыз, Әнұранымызды бойыңдағы бойтұмарыңдай сақтап қана қоймай, құрмет тұтып, еліміздің нағыз патриоттары болатындарыңа сенім мол дей келе оқушылар сендерге сенетінімізді ұмытпаңдар!

Қаулы: 1 Қыркүйек Білім күніне орай алғашқы қоңырау салтанатты жиынын өз дәрежесінде өтті. Өткізілген тәрбиелік сағаттар мектептің әлеуметтік желелеріне түгел жариялансын.

Мектеп тәлімгері:



Шамниганова Г.К.

Хаттама №2

Күн тәртібінде: «Қарттарым алтын қазынам» кездесу.

Қатысқандар: қарттар,өзін-өзі басқару ұйым белсенділері.

Мерзімі: 01.10.2022 ж

Төрінен қарт кетпесін деп тілеген халықпыз. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу- біздің ата дәстүріміз.Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігіңді ұмыту әсте жарамайды.Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар.

Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке шешесі және атасы мен әжесі секілді қымбатты «Қонағы» болса, ол үйіне олардың артық Құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын , егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап , қамқорлық жасаса , қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты

Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп , көңіл аударып , жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне , еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.Саналы тұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектермен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің еңбегі ерекше.Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттар-біздің асыл қазынамыз.Қазақтар – « Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз. Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіне нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз.

Мектебімізде "Халықаралық қарттар күніне" орай "Жан жылуын сыйлаймыз" атты қарттарға қолғабыс жасау күні ұйымдастырылды.

Іс- шараның мақсаты: оқушылардың бойына үлкенді сыйлап,ұлттық сал-дәстүрін сақтауға, қарттардың сөздерінен ғибрат алуға тәрбиелеу.

Қарияларымызды құрметтеп, мектебіміздің "Жас ұлан"," Адал ұрпақ"ерікті клуб мүшелері.Қарияларды ардақтау- біз үшін парыз. " Үлкенге - құрмет, кішіге -ілет" ете білген, бізге тағлымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол. Қазыналы қарияларымызды қадірлейік!!!

Қаулы: Кездесу мектеп сайтына жариялансын.

Мектеп тәлімгері:



Шамиганова Г.К

Хаттама №3

Күн тәртібінде: «Ұстазым –қаусар бұлағым!» Ұстаздар күні мерекесін ұйымдастыру, қатысу. Қабырға газеті. Инстаграмм желісінде

Қатысқандар : 5-10 сынып оқушылары

Мерзімі: қазан

Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

Ұстаз еңбегін арқашан бағалай білуге үйрету.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту.

Оқушыларды ардақты да аяулы ұстаздарын құрметтеуге, сыйлай білуге үйрету, адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің өзі-өзі басқару ұйымының белсенділерінің ұйымдастыруымен мектебіміздегі барша ұстаздарға видеокұттықтаулар арналды. Баршамыздың сауатымызды ашып, білім нәрімен сусындатып, өмірге қанат қақтырған ұлағатты ұстаздар, мерекелеріңіз құтты болсын! «Ұстазым, ұлағатым, үлгі - өнегем» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Ғылым несі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, темір балқытқан жұмысшы да, егін салып, мал бағып, терін төккен шаруа да, көкті шарлаған ғарышкер де, бәрі - бәрі ұстаздан білім үйреніп, тәлім алған.

Ұлағатты ұстаздар! Сіздерге бүкіл адам баласы бас иеді. Мерекелеріңізбен!

Ұстаздар күні – бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке. Ұлы тұлғалардың да ұстазы болған. Сондықтан да осы ұлы мамандық иелеріне арналған мерекелік шараның мақсаты ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтау, ұлы мамандыққа бас ию, құрмет көрсету. Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі-Ұстаз.

Ұстаз деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған.

«Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер «Ана тәрбиесін көрген» деген сөздермен ұштасып жатады. Ұрпақ тәрбиесі- ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.

Ұстаз ақыл-ойы мен күш- қуатын балаларға арнап, жан аямай еңбек етеді.

Өйткені, ол оның көкірек көзін ашып, дүниетанымын кеңейтіп, қияға қанат қақтырады. Сондықтан, болар кейбір дарынды ойшылдар да, тіпті арман қуған балалар да ұстазды ерекше пір тұтып, қадірлейді. Сондықтан ұстазды қадірлейік, ренжітпейік деп мектеп тәлімгері мектептің фезбук парақшасына «ұлағатты ұстаз -сіз» атты ұстаздардың өмірбаянымен жеткен жетістіктерін жинақтап әр ұстазға пост жарияланды.

Қаулы: «ұлағатты ұстаз -сіз» атты мақала жалғасын тапсын.

Мектеп тәлімгері:



Шамиганова Г.К

Хаттама №4

Күн тәртібінде: Мерекелі берекелі «Күз кереметтері» атты көрме

Қатысқандар: 1-9сыныптар

Хабарландыру!

Құрметті сынып жетекшілер! 1-19 сыныптар арасында мектебімізде "Күз кереметтері-2022 жыл" тақырыбында көкейістер мен жеміс-жидектерден жасалған қолөнер көрмесі болады.

Мектебімізде аға тәлімгердің жылдық жоспарына сай "Күз кереметтері-2022 жыл", тақырыбында көкейістер мен жеміс-жидектерден жасалған қолөнер көрмесі ұйымдастырылды! Көрмеге мектебіміздің ЖАС ҰЛАН, ЖАС ҚЫРАН балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері қатысты. Көрмеге ұсынылған барлық жұмысты мектебіміздің ТІМ өзін-өзі басқару ұйым президенті, жас ұлан, балалар өкілдігі ұланбасы көріп, үздік жұмыстарға жүлделі орындарды тағайындады.

Өз жұмыстарын көрсетіп мектебіміздің жанында концерттік бағдарлама, күз дастарханы жайылды.

Қаулы: Женімпаздар мадақтама қағазбен марапатталсын

Мектеп тәлімгері:



Шамиганова Г.К

Хаттама №5

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының кезекті отырысы

Күн тәртібінде:

1. «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымының жұмысын ұйымдастыру.
2. Әр түрлі мәселелер.

Күні: 2022

2022-2023 оқу жылындағы «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының жоспарына сай ұйым офлайн жұмыс ітқарады. Ұйым ұланбасшысы мен комитет мүшелері мектеп оқушыларына таныстыстырылды. Ұйымның айлық жоспарына сай жұмыс жүргізеді. «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымының байқау, іс-шаралар мектептің Facebook, Instagram парақшаларында бірінші хабар беріліп отырылады.

Мектеп ұланбасшысы қала бойынша ұйымдастырылған Жас Ұлан штабына кестеге сай аптасына бір рет ата-ананың рұхсатымен сабаққа бару қажеттілігі айтылып, кесте берілді. Жас ұлан штабында қала аудан мектептері біріктіріліп, оқушыларды «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйым жұмысының жүргізілуі баяндалады. Сабақтар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады.

Қаулы:

1. «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымы онлайн жоспарына сай жұмыс жүргізілсін.
2. Қалалық Жас ұлан штабында ұйымдастырылған сабақтарға мектеп ұланбасшысы қатыссын.

Мектеп тәлімгері:



Шамиганова Г.К

Хаттама № 6

Күн тәртібінде: 1. Жаңа жыл мерекесін өткізу;

2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау;

Қатысқандар: 1-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілер

Мерзімі: «29» желтоқсан 2022 жыл

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алып, жалпы 1-11 сынып оқушыларына топ жиында Жаңа жыл мерекесін өткізуге байланысты бұйрық шығарғандығын айтып, жалпы бұйрықты бөлім – бөлімі мен оқып таныстырды.

«Жаңа жыл» салтанатты кешін өткізу туралы»

2022 жылғы жаңа жылдық іс-шаралар өз дәрежесінде өткізу мақсатында

Бұйырамын:

1. Жаңа жыл кешінде оқушылардың өмір, техника қауіпсіздігін қатаң сақтау мақсатында (адам өміріне қауіпті өткір, жарылғыш, тез жанғыш заттар алып келмеуін) және қысқы каникул кезіндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптары туралы оқушылар мен ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Жаңа жыл шыршасы спортзалға бұтақтары қабырғаларға және төбесіне тимейтіндей етіп орналастырылсын.
2. Шыршаны қағазбен, мақтамен және тез тұтанатын материалдармен безендіруге және жылыту құралдарының қасына орнатуға тиым салынсын.
3. Шырша орнатылған жерде және шыршаның жанында балаларды қараусыз қалдырмау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4. Мереке кезінде бенгалышамдарын, түрлі пиротехникалық заттарды пайдалану тиым салынсын.
5. Бір мезгілде бірнеше электр розеткаларын пайдалануға тиым салынсын.
6. Автоматты өрт дабылқаққыштарының жұмысқа жарамдылығы тексерілсін.
7. Мектептегі өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы тексерілсін.
8. Іс-шара барысында мерекелік дастархан жасауға, ата-аналардан қаржы жинай отырып оқушыларға сыйлық таратуға қатаң тиым салынсын.
9. Мерекелік іс-шараға ардагер ұстаздардың, құрметті азаматтардың, қамқоршылық, ата-аналар кеңесінің қатысуы қамтамасыз етілсін.
10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және іс-шараның өткендігі туралы мәліметті ҚББ - не өткізілуін қамтамасыз ету директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Қаулы:

1. Мектеп директордың Жаңа жыл мерекесін өткізу туралы шығарған бұйрығымен жалпы оқушылар бір дауыстан келісті.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шамиганова Д.Г. оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау бойынша берген мәліметтері бойынша оқушылардың ата-аналарына ескерту хаттары таратылсын. Қысқы демалыс кезіндегі оқушылармен өткізілетін іс – шараға оқушылар жалпы қатысуларына сынып жетекшілері жауапкершілікпен жұмыс жүргізсін.

Мектеп тәлімгері:



Шамиганова Г.К

